



**Әулікөлдегі концерттік іс-шара**

**Биыл Ата Заңымыздың қабылданғанына 22 жыл тоды. Осыған орай Әулікөл ауданының халқына арнайы концерттік іс-шара ұйымдастырылды.**

Іс-шара барысында түрлі ұйымдар мен мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері марапаттарға ие болды. Салтанатты кеште аудандық Ішкі істер бөлімінің бастығы полиция полковнигі Арыстан Жағыпаров өзінің басқарып отырған бөлімше қызметкерлері мен өмірлерін құқық қорғау қызметіне арнаған ардагерлерді марапаттады.

Әулікөл ауданы ІІБ ЖПҚ бастығының орынбасары полиция аға лейтенанты Жандос Сағынаев қызметтік міндеттерін адал орындағаны үшін Қостанай облысы ІІД Алғыс хатына ие болса, Әулікөл ауданы ІІБ ЖПҚ ювеналдық полиция тобының көмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы полиция капитаны қызметтік міндеттерін адал орындағаны үшін Қостанай облысы ІІД бастығының Мақтау қағазымен марапатталды.

Қоғамдық тәртіпті күзету және қылмыстарды ашуға үлес қосқандары үшін Ішкі істер органдарының ардагерлері Қуанышбай Әбдібеков пен Абай Қажиевке Қостанай облысы ІІД бастығының Алғыс хаттары табысталды.

*Әйгерім БАЙҚАСОВА,  
Әулікөл ауданы ІІБ  
МТДЖАТ маманы*

**Адамдарға жақсылық жасаңыз!**

**2017 жылғы 1 қыркүйек күні Құрбан айт мерекесінің құрметіне Астана қ. ІІД Есіл ауданының ЮПБ ЖПҚ қызметкері полиция капитаны А.А. Кадролдиновамен бірігіп 4-курс курсанттары Пригородное ауылында тұратын көп балалы Мукамади отбасына барды.**

Мукамади отбасы жеті баланы тәрбиелейді. Отбасы өте мейірімді, балаларға жан-жақты назар аударылады және сүйіспеншілік беріледі. Тұңғыш қыздары Айдидар дизайнер мамандығы бойынша Астана университетінде екінші курста оқиды. Мукамади отбасы курсант-қыздардың келуіне өте қатты қуанды. Олар назар аударғаны және қаржылық көмек көрсеткені үшін алғысын білдірді.

Құрбан айт мерекесі қарсаңында 1-курс курсанты Татьяна Водолазкина Астана қаласына келді. Ол Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан Ресейдегі ІІМ Краснодар университетіне түскен. Татьяна Қостанайда балалар үйінің тәрбиеленушісі болып табылады.

Водолазкина Татьянаға Астананың көрікті жерлеріне және «ЭКСПО 2017» халықаралық көрмесіне экскурсия ұйымдастырылды. Сондай-ақ, Татьянаға 4-курс курсанттары қаржылық көмек көрсетті. 1-курс курсантына көптеген сөздер мен тілектер айтылды. Өз кезегінде, Татьяна оған көңіл аударғаны үшін қыздарға алғысын білдіріп, болашақ қызметте шыдамдылықты сақтауға және мансаптық өсуін тіледі.

*Г. КОЖМУХАМЕДОВА  
полиция подполковнигі,  
В.КАСЕНОВА  
полиция капитаны*

**Лисаков қаласында жаңа мешіт ашылды**

**Қостанай облысының Лисаков қаласында 200 орындық жаңа мешіт ашылды, деп хабарлайды «ҚазАқпарат» ХАА тілшісі.**

Қостанай облысының дін істері жөніндегі басқармасының хабарлауынша, 200 орындық мешіттің құрылысы 2014 жылы басталған. Мешіт негізінен демеушілердің көмегімен бой көтеріп отыр. Лисаковтағы бұрынғы «Әс сәлам» мешітінің бас имамы Серік қажы Темірбекұлы демеушілерді ортақ жұмысқа тартқан. Құрылыс жұмыстарына 105 млн теңге жұмсалған.

Мешіттің аумағы 380 шаршы метрді құрайды. Негізгі құрылыс жұмыстарын «Қарасай» ЖШС жүргізген. 40 мыңдық халқы бар Лисаков қаласындағы бұл екінші мешіт болып отыр.

**2017 жылдың 13 тамызынан бастап Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының оқу-дала лагерінде биылғы бірінші курсқа түскен курсанттар 15 күн бойы жас жауынгерлер курсы ойдағыдай аяқтап шықты.**

Оқуға жаңа түскен жас курсанттар әскери өмірдің дәмін татып, осы уақытқа дейін қатал тәртіпке, спортқа, мәдениетке, таңертең ерте тұруға, қысқаша айтқанда, шыдамдылыққа үйреніп, дағдыланды.

Міне, олар үшін 15 күн қағым сәтте өте шықты. Ауылда өскен балалар қолдарына күрек алып өссе, қаланың балалары қолдарына тек қалам ғана ұстап көрген жасөспірімдер, бұл күні күрек пен қаламның орнына автомат қаруын ұстап, түнде кезекшілікке тұрып, ел күзетуді үйренді. Осы жаттықтырулардың арқасында шыдамдылық пен сабырлықтың дәмін сезінді.

Осы білім мен ілімді, әскери оқу-жаттығуды Академияның білікті қызметкерлері адал үйретіп, жарты айдың ішінде бір отбасының баласындай бауыр басып, өмір кешті.

Енді міне, дәлірек айтсақ 29 тамыз күні 35 шақырым жерде орналасқан Академияның оқу-дала лагерінен Академияның бас ғимаратына 250 курсант және 30 шақты офицер мырзалар жедел жүгіріспен жүгіріп келді.

Бұл жылдағы дәстүрге айналған спорттық шараның жас курсанттарға берер пайдасы мол. Біріншіден, шыдамдылыққа, сабырлыққа үйретсе, екіншіден, бір-бірінің қадірін білуге үйретеді. Курсанттардың бойына отансүйгіштік сезімді ұялата отыра оларды жақсы шыдамды болуға жаттықтырады.

35 шақырымды артқа тастап, Академия табалдырығын аттаған курсанттарды Академияның саптық алаңында Академия бастығының міндетін атқарушы полиция полковнигі Ербол Қаппасов және Академияның тұрақты

жүгірістен аман есен келіп отырған курсанттарға әрдайым сәттілік тілеймін. Бұл Сіздердің шыдамдылықтарыңызды, ұйымшылдықтарыңызды, сабырлы екендеріңізді білдіреді. Сабыр - адам бойындағы асыл қасиет. Адамның ұстамдылығын, инабаттылығын, қаншалықты тәрбие көргендігін көрсетеді. Сабырлық ар, ұждан, ынсап негізінен құралған. Осы қасиеттер адам бойында болса, онда ол адам өзін-өзі сыйлайтын, жанындағы адамдарды сыйлайтын азамат. Сабырлық өз ісінің пәктігін сенімді, ниеті түзу, тағдырдың бір құдайдан екендігіне сенетін, әрбір қиындыққа сынақ ретінде қарайтын адамға тән қасиет. Ал немқұрайлық және еріншектік сабырлыққа қарама-қарсы қасиеттер. Сондықтан Сіздер бүгін осы қасиетті бойларыңыздан көрсете білгендеріңізге Академия басшылығының атынан ризашылығымызды білдіреміз. Алдағы білім күні құтты болсын, - деді өз жылы лебізінде Академия бастығының міндетін атқарушы Ербол Төлегенұлы Қаппасов.



және ауыспалы құрамы, ата-аналар салтанатты түрде күтіп алды. Салтанатты кездесуде Ербол Төлегенұлы барша курсанттарды жаңа оқу жылымен және жас жауынгерлер курсы ойдағыдай аяқтауларымен, ең бастысы, ертеңіне тойланғалы отырған Қазақ елінің Ата заңы мерекесімен құттықтады.

- Құрметті офицер мырзалар, курсанттар және ата-аналар! Сіздерді ертеңгі тойланғалы отырған Қазақстан Республикасының Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын. Әр отбасыға мызғамас бірлік, ұйымшыл тірлік тілеймін.

Ал бүгінгі 35 шақырымды жедел

Топпен жүгірген курсанттар қанша жерден шаршаса да бойларында намыстары оянып, бір-бірінен қалмауға тырысты. Бұл дегеніңіз курсанттардың болашақта қандай қиыншылық болса да төтеп беретіндіктерін дәлелдей түсті.

Кездесу соңы Конституция күніне және бірінші курсқа түсуші курсанттарға арналған концерттік бағдарламаға ұласты. Салтанатты жиында Академияға еңбегі сіңген кейбір қызметкерлер марапатталды.

*М. ОСПАНОВ,  
ҚР ІІМ Академиясының  
Баспаөз хатшысы*

**Өзге ұлт өкілдерінің 800-ге жуық баласы қазақ мектептерінде оқиды**

**ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Қостанай облысында мемлекеттік тілді орыстілді азаматтарға насихаттауға арналған шараларын бастады, деп хабарлайды ҚазАқпарат.**

Қазақстанның басқа өңірлерімен салыстырғанда Қостанай облысында өзге ұлт өкілдерінің саны басым. 1926 жылғы санақ бойынша Қостанайдағы 187776 адамның небәрі 11931-і, яғни 6,3 пайызы ғана қазақтар болған. Қазіргі уақытта мұндағы қазақтардың үлес салмағы 38,3 пайыз болса, славян ұлттарының саны 50 пайыздан көп. Ал Қостанай қаласындағы қазақтардың үлесі 50 пайызға енді жетті. Облыста қазақ тілінің жағдайын жақсарту мақсатында әлі де көптеген жұмыс атқару керектігі сезіледі. «Қазақстанның болашағы қазақ тілінде» атты бұл шара осы мақсатты алға қойды.

Басқосу барысында Қостанай облысы әкімдігі

Тілдерді дамыту басқармасы басшысының орынбасары Қазымбек Жармағамбетұлы осы мәселеге тоқталды. «Қазақ тілі - осында тұрып жатқан күллі халықтың тілі. Кешегі орыстандыру саясаты қазақ тілінің дамымай, тұралап қалуына әсер етпей қоймады. Рас, солтүстік өңірдегі ағайындардың көбі ана тілін ұмыта бастады. Осындайда ел азаматтары жиылып, бір мақсат, бір мүдде аясында пікір алмасып, тілдің қолданыс аясын кеңейтуге күш жұмсауымыз керек. Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамыту орталығының дәстүрлі конференциясының берері мол. Соңғы жылдары өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруге деген құлшынысы артып келеді. Мәселен, славян халқы өкілдерінің 800-ге жуық баласы қазақ мектептерінде оқып жатыр, сондай-ақ, «Тіл-дарын» атты орталығымыз жұмыс істейді», - деді ол.

Шараның құрметті қонағы, қоғам қайраткері Дос Көшім де тіл мәселесіне келгенде бірігіп жұмыс істеуге шақырды. «Тіліміздің ғылымға, әлемдік өркениетті мойындатуына жағдай жасау өз қолымызда. Статистикаға сенгенді ұнатпаймын, бірақ салыстырмалы түрде қарасақ, Қазақстанда әлеуметтік-ауқаты жөнінен

ең төмені - қазақтар. Бір жағынан, шалқамыздан түсіп жататын жайбасарлығымыз тағы бар. Ал басқа елде тұрған қазақтарды пысық дер едім. Межеге жетер тұс белгілі. Өзімізден бастайық. Орыстілділер осы кезге дейін ұлтаралық қатынас тілі орыс тілі деп түсінеді. Бұл 1989 жылғы «Тіл туралы» заңның екінші бабында бар болатын. 1997 жылы бұл бап алынып тасталды, себебі екі адам арасындағы қатынас тілі заңмен бекітілмейді, ол халықаралық ереже бойынша адам құқығын бұзады. Ал бұлар соны айтып, әлі күнге дейін қалданады. Елімізде қарым-қатынас тілі орыс тілі дегенді желеу етіп, шу шығаруға, қоғамдық пікір тудыруға құмар. Әр 10-15 жылда тілдің демографиялық жағдайы өзгереді, тілдік қажеттілік туады. Біз әлі күнге дейін 1989 жылы қабылданған заңмен отырмыз. 1997 жылы соның тек қана 1-2 бабын ғана ауыстырдық. Сол кездегі 40 пайыз қазақтың көрсеткіші қазір 70 пайызға жетті. Президент алдымызға асу қойды. Алайда, солтүстік аймақтың халін көрген кезде ойланып қалады екенсің», - деді Дос Көшім.

Қостанай облысындағы 600-ге жуық мектептің қазақ тіліндегісі 150-ден аспайды, аралас мектеп саны да 140-

тың шамасында. Жиыннан соң Денисов ауданының тұрғыны, жиырма жылдық еңбек өтілі бар ұстаз Алексей Савичевті сөзге тарттық. «Қазақ тілін үйрену өз қолымызда ғой. Өзім қазақша емін-еркін сөйлеймін. Мен тұрып жатқан Ильинка ауылында басым көпшілігі орыстар. Меніңше, болашағымызды ойласақ, қазақ тілін үйренейік. Екі немерем бар. Екеуі де мектепте оқиды. Оларға мемлекеттік тілді үйренудің артықшылықтарын айтып отырамын. Өрине, мұндағы орыстардың көптігін тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарымен, Ұлы Отан соғысы кезіндегі ұлы көшпен байланыстыруға болады. Оның үстіне Ресей Федерациясының үш облысымен 1250 шақырымға созылған шекарасын тағы қосыңыз. Бұл факторлар шекаралас аудандардағы тұрғындарға қатты әсер етіп отыр», - деді ол. Қостанай облысында өткізілетін жыл сайынғы конференция өзге ұлт өкілдерінің, қала берді, ана тілін білмейтін қазақтардың тілге деген ынта-жігерін оятып, талпыныстарын артыруды міндет тұтады. Әр аудан, қалада осы сипаттағы шаралар өту жоспарланған.

*Батыр ЖОЛАЙҰЛЫ*



## «Қабылбаев ұрпақтары» жүлдемен оралды

Үстіміздегі жылдың 24-25 тамызында Солтүстік Қазақстан облысы Ішкі істер департаментінің базасында ішкі істер органдары қызметкерлері арасында дәстүрлі «Парасатты полицей» республикалық байқауы өтті.



Қазақстан полициясының 25 жылдығы аясында өткен осы байқауға республикалық маңызға ие қалалардың, облыстардың ішкі істер департаменттерінен, ведомстволық жоғары оқу орындарынан 19 команда қатысты.

Байқаудың мақсаты – ішкі істер органдары қызметкерлері арасында мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау және мәртебесін арттыру, тәртіп сақшыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілікті дамыту, полиция қызметкерлерінің мемлекеттік тілге деген құрметін және құқықтық мәдениетін, ізгілік пен парасаттылық рухын арттыру болып табылды.

«25 жыл Отан қорғау жолында» деп аталатын 1-турда командалар Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының 25 жыл ішіндегі жетістіктерін, оң имиджін, ішкі істер органдарында қызмет етудің мәртебесі мен жұмыстың ерекшеліктерін және қызметте қазақ тілін қолданудағы игі бастамаларын сахналық көрініс арқылы сомдаса; «Авторлық ән сайысы» атты 2-турда Отанға, полиция қызметіне, мемлекеттік тілге деген сүйіспеншілікті дәріптейтін патриоттық

сезімде шығарылған ән орындалды. Ал 3-турда алға суырылып шыққан 12 топтың капитандары өзара сайысқа түсті. Оларға «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан, жер-су атауларынан, сөз зергерлерінің тіл туралы нақыл сөздерінен сұрақтар қойылды.

Әділ қазылар алқасының шешімімен:

1-орынға Ақтөбе облысы ІІД-нің «Серт береміз» командасы лайықты

деп танылды.

2-орынды Ақмола облысы ІІД-нің «Көкше сақшылары» мен Жамбыл облысы ІІД-нің «Тараз қырандары» командалары өзара бөлісті.

3-орынды ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының «Қабылбаев ұрпақтары» командасы мен Маңғыстау облысы ІІД-нің «Каспий» командасы жеңіп алды.

Екі күнге созылған байқаудың жабылу салтанатында Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары, полиция генерал-лейтенанты Марат Ғаниұлы Демеев барша жеңімпаздарды құттықтап, арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыстады.

Осылайша, құрамына: Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны Альпеисов Б.Б., Оқу-саптық бөлімше курс бастығының орынбасары, полиция майоры Баймағанов Т.Г., Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының оқытушысы, полиция майоры, Нұрмағанбетова Ж.К., Оқу-саптық бөлімше курс бастығының орынбасары, полиция

капитаны Жаңдауов Б.Е., Тәрбие жұмысы бөлімінің инспекторы әрі клуб бастығы, полиция капитаны Т.С. Тулубаев кіретін «Қабылбаев ұрпақтары» командасы жеңіс тұғырынан көрініп, Академияның мерейін асқақтатты.

Осы жерде, команданы жарысқа дайындау барысын өз бақылауында ұстаған академия бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Ербол Төлегенұлы Каппасовтың, Авторлық ән сайысына арнайы ән жазған музыкалық жетекшіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, композитор Қалибек Дерипсалдиннің, әннің сөзін жазған талантты ақын Нұрғанат Құлабаев пен команданың фотосуреттерін әзірлеген Сейтқали Камаловтың еңбектерін ерекше атап өткіміз келеді. Себебі осы және басқа да аталған іс-шараның төңірегінде жүрген әріптестеріміздің қолдау көрсетіп, іске жұмыла кірісуінің арқасында осы жеңіске жетіп отырмыз.

Жеңістеріңіз құтты болсын!

**Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,**  
Академияның Мемлекеттік тіл бөлімшесінің бастығы

## Ерлер ел арасында

**Немесе Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттарының ерлігі туралы үзік сыр.**



Бейбіт елде ерлік жасаған ерлер кей-кездері өз деңгейінде бағалана бермейді. Мәселен ұрлық жасағанда ұстап алса немесе енді жанып жатқан өрттен немесе суға жаңа батып бара жатқан адамдарды құтқарған кездердегі оқиғаларды айтуға болады. Кейбіреулер ерлікті оққа төсін тосқан адамдарды ғана батыр деп ойлайды. Жоқ олай емес, менің ойымша қылмыстың алдын алған адамда өз уақытының батыры деуге әбден болады. Қажет болса қолдан келгенше бағалай білу қажет. Менің бүгінгі қаламымды тербеуге себепші болып отырған төмендегі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының қанды қол қарақшының бір әйелдің қолындағы 35 мың теңге тұратын велосипедті тартып алмақшы болған кезде араша болған курсанттардың ерлігі туралы еді.

Бұл биылғы жылдың 24 тамыз күні кешкі сағат 22.40 уақыты шамасында болған оқиға. Өңгімені оқырманға түсінікті болу үшін басынан бастаймын.

Болған оқиғаны маған ерлік жасаған курсанттардың өздері айтып берді.

- 24 тамыз күні кешке таман қараңғылау уақытта мен және Арыстан Серікбаев пен Адил Салимов үшеуіміз үйге келе жатқанбыз. Артымызда бір айел баласымен велосипедтерін

сүйретіп келе жатқан болатын. Біз бейтаныс әйелден ұзап кете бергенде бір 35 жас шамасындағы жігіт келіп, баласының велосипедін жұлқылай бастап, тартып алып кетті. Бір кезде әйелдің «құтқарыңдар» деген дауысы естілді. Біз үшеуіміз еш ойланбастан ұрының соңынан жүгіре жөнелдік. Біздің «тоқта» деген сөзімізге қарамастан жылдамдығын арттырып қаша жөнелді. Біз ұрыға жетіп алып, үшеуіміз Академия қабырғасында ұстаздарымыздың әскери жауынгерлік сабақта үйреткен әдістерін қолданып, ұрыны ұстап, жауынгерлік әдіспен залалсыздандырдық. Осылай ұстап тұрғанда қасымызға бейтаныс әйел келіп алғысын айтты. Сосын ол кісі біздің ұрыны ұстап тұра тұруымызды өтінді. Сәлден соң полиция қызметкерлерін шақырып, ұрыны солардың қолдарына тапсырдық. Бізге қомақты баға тұратын велосипедті ұрының қолына қолды қылмай, адамдардың өміріне қауіп төндірмегеніміз үшін полиция қызметкерлері алғыстарын білдіріп, сол жерде аты-жөнімізді жазып алып бізді жөнімізге жіберді.

Біз келесі күні Академияға келіп, Академия басшылығына және өзіміздің курс бастығы полиция майоры Марат

Мурзағалиевке болған оқиғаны мәлімдеп, айтып бердік, - дейді оқиғаны бүкпесіз баяндаған 4-курс курсанты полиция қатарындағы Жанболат Жанатай.

Бізде осы оқиғаны ести сала жәбірленуші ханымға хабарластық. Тіпті келесі күні арнайы алғыс хатымен Академия қабырғасына келіп, курсанттарға және Академия басшылығына алғысын жеткізді.

- Мен Ольга Владимировна Федянович, Сіздердің тәрбиелі детәртіптері батылды жасаған батыр курсанттарыңызға шексіз алғысымды білдіремін.

Егер Сіздердің батыл жүректі курсанттарыңыз болмағанда оқиғаның соңы қалай аяқталар еді. Өйткені қолында пышағы бар, ұры бізді қатты қорқытты. Балам ұрының қолынан жібермеймін деп қатты ұстағаныммен өкпінген ұры қаршадай балама күш көрсетіп, қолындағы велосипедті тартып әкетті. Мен қаншама жібермеуге әрекет жасасам да қарақшының қолындағы пышақтан қорқып қалдым. Содан не керек бар дауысыммен адамдардан көмек сұрадым. Менің жан дауысымды қасымада өтіп бара жатқан адамдар естігенімен әдейі естімегендей өте барды. Сол жерде не істерімді білмей, «садақабасымыз аман болсын»

деп тұрғанда, Сіздердің курсанттарыңыз ұрыны ұстап бізді қасына шақырды. Кейін полиция қызметкерлеріне ұрыны ұстап беріп, біз үшін үлкен ерлік жасады.

Қазіргі уақытта жасыратыны жоқ, жастарымыз мұндай келеңсіз оқиғаларға немқұрайлы қарайтыны жасырын емес. Бізді танымаса да өз өмірлерін қатерге тігіп, адамдарға жақсылық жасай білген жоғарыда жігіттерге айтар алғысымыз шексіз. Осындай тәрбиелі де ер жүрек азамат тәрбиелеп отырған ата-аналарына және Академия басшылығына алғысымыз шексіз, - дейді ұрының уысына түспеген Ольга Владимировна.

Осы оқиғаны бас-аяғына дейін тыңдап шынықтық көзіміз жеткен соң, тіркелген істің мән жайын білу үшін Қостанай қалалық «Оңтүстік» ішкі істер басқармасына хабарласқан едім.

Қостанай қалалық ІІБ бастығы полиция подполковнигі М. Базарбаевтың айтуынша аталмыш факті бойынша 2017 жылғы 24 тамыз күні №21278 нөмерімен ақпараттарды тіркеу кітабында тіркеліп, қазіргі таңда жұмыс жүргізіліп жатқаны хабардар етті.

Міне осылай бейбіт күнде өздерінше кішігірім ерлік жасаған курсанттардың ерлігі бүгінгі таңда аяқсыз қалған жоқ. Қостанай қалалық ІІБ-ның және Академия басшылығының тарапынан марапаттауларға ұсынылып жатыр.

Бізде жан-жағындағы қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғаға елендеп, ерлік жасаған курсанттарға немесе жастарға айтар алғысымыз шексіз.

**Мейрам ОСПАНОВ,**  
Қостанай қаласы  
Фотосуретті түсірген:  
С. Камалов

## Тіл түзелсе, өсек пен ғайбат та болмас еді...

**Ғайбат – біреудің сыртынан айтылған сөз. Ол өзіңнің жаныңды ауыртып қоймай, өзгеге де жамандық өкелетіні хақ.**

Жалпы шарияғатымызда, кешегі бабаларымыздың қалдырған өсиеттерінде өсек, өтірік, ғайбат пен үстірт пікірге сақ болуды ескертеді. Алайда бүгінгі қоғамда әлеуметтік желілерде желдей ескен пікірлердің, ғайбат сөздердің көбейіп келе жатқанын көріп налитының анық.

Таяқтың екі ұшы болатыны сияқты әлеуметтік желінің де жақсылығы мен жамандығы бар. Бірақ бүгінгі ұрпақ ғаламторда ғайбат айтуға бейім. Оған дәлел – ғаламторды ашып қарасаңыз небір мақтап жазған дүниелердің аяғы сол адамның сыртынан өрбіген қаншама өсек пен ғайбат сөздерге әкеліп соқтыратындығы, біреуді жамандап жазса, жабыла жамандайтындығы. Таныс па, бейтаныс па ол жағы маңызды емес, айтуейі жамандаса болғаны. Сонда халқымыздың көнеден қалған сөз мәдениеті, әдет-ғұрпы, мейірімділігі, еліне деген жанашырлығы жоғалып бара жатқаны ма? Ең сорақысы, дағдыға айналған өсек пен өтірікке толы пікірлерді жас та, жасамыз та оқиды. Жұрттың кемшілігін жазып, өскелең ұрпаққа қандай үлгі, нендей тәлім-тәрбие беріп жүрміз?

Жамандығын жасырып, жақсылығын асыратын, үлкенге құрмет, кішіге ізет қылатын халықтың ұрпағы едік. Өйтсе де, осы заманда өзгенің кемшілігін әлеуметтік желіге салып, ғайбат пікірлер жазып, өзіне ұпай жинайтындар көбейіп келеді. Байырғы дәуір адамгершілікке лайықты еді, бүгінгі қоғам «лайықты» болып барады.

Халқымыздың көне шежірелері мен ескі кітаптарында Лұқман Хакімнен малдың ең тәтті жерін алып кел десе, қойды сойып, тілін әкеліпті. Ал енді ең ащы жерін алып кел десе, тағы да тілін алып келіпті. Ол кісі: «Сіз неге қайта-қайта бір нәрсені әкеле бердіңіз?» дегенде: «Жақсылық та, жамандық та тілден, тіл байқап сөйлемесе тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп жауап беріпті. Осыған орай дана халқымыз: «Басқа пәле тілден» деп текке айтпаса керек. Бірде бір ғұлама: «Мына дүниенің өсеті тозаң сияқты. Жан дүниенің айнасын жауып қалады. Сен ақыл – өсиетті жина да, үндемей жүруді әдетке айналдыр» дейді. Иә, өсек айтатын тілімізді тыйғанымыз абзал. Сондықтан ғаламторда отырып өсек айтудан сақтанайық.

Әлеуметтік желінің мақсаты ақпарат алып, хат-хабар алмасып тұру екені хақ. Бірақ бүгінгі қоғамда осыны жете түсінбейтіндігіміз өкпіндіреді. Әр заттың өз шегі болады. Әлеуметтік желіні де дұрыс пайдалана білу қажет. Кемшіліктерді жариялау біздің салтымызға жат дүние. Еліміздің санасын ұлайтын, жұртты адастыратын өсек, ғайбаттан арылып, одан іргемізді аулақ салғанымыз жөн. Тіл – біздің басты байлығымыз. Тіл түзелсе имандылығымыз да, елдігіміз де түзелмек.

**Айдар ҚАЛИЕВ,**  
(«Ана тілі» газетінен)